

"Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 688 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 5318 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 835 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 24.06.2016 № 835 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау Шиелі ауданы әкімінің орынбасары Т. Жағыпбаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Сәрсенбаев

Шиелі ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "22" желтоқсандағы
№ 688 қаулысымен бекітілген

"Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жергілікті бюджеттің атқарылу есебі және бюджеттік есебі, коммуналдық меншікті басқару салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар ҚР елтаңбалы мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 120700, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі №69/1.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы: аудан бюджетінің атқарылуын талдау және ауданның коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызмет болып табылады.

15. Міндеттері:

- 1) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарын және басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру;
- 2) аудан бюджетін қалыптастыру және оның атқару процесін жетілдіру;
- 3) аудан көлеміндегі коммуналдық меншікті басқару, мемлекеттік сатып алу мониторингін жүргізу және есебін алу.

16. Функциялары:

- 1) аудандық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру;
- 2) аудан бюджетінің атқарылуына талдау жасау, аудан бюджеті жобасының негізгі көрсеткіштерін анықтау;
- 3) салық салу мақсатында мүлікке бағалау жүргізу;
- 4) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, аудандық коммуналдық мүлікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- 5) аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы шешім қабылдау;
- 6) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспа басылымын айқындау жөнінде конкурс өткізу;
- 7) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалға (жалдауға), сенімгерлік басқаруға беру;
- 8) аудандық коммуналдық мүліктің пайдаланылуын және сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;
- 9) ауданның жергілікті атқарушы органы құрған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асыру;
- 10) аудандық коммуналдық мүлікті аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп беру;
- 11) аудандық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақшаны жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің

жарғылық капиталына не акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге беру
т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

12) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе,
аудандық коммуналдық мүлікті пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге,
мүліктік жалға (жалдауға), өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру
т у р а л ы ш е ш і м д е р қ а б ы л д а у ;

13) коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен), Қазақстан
Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен иесі жоқ деп танылған,
мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен аудандық коммуналдық мүліктің,
сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен
коммуналдық меншікке өтеусіз өткізілген иесіз қалған мүліктің, олжаның,
қараусыз қалған жануарлардың, құрамында мәдени құндылықтарға жататын зат
жоқ көмбелердің үлестерін есепке алуды, сақтауды, бағалауды және одан әрі
п а й д а л а н у д ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

14) сенімгерлікпен басқарушының аудандық коммуналдық мүлікті
сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауын бақылауды
ж ү з е г е а с ы р у ;

15) аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асыру, оның
ішінде жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тарту,
жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз ету, жекешелендіру
объектісінің сатып алу - сату шарттарын әзірлеу мен жасасуды және сатып
алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

16) аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғысын (ережесін) бекітеді,
оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

17) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де
функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан,
олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұратуға
ж ә н е а л у ғ а ;

құзыреті шегінде құқықтық және нормативтік құқықтық актілердің
жобаларын әзірлеуге қатысуға;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге
а с ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2) жеке және заңды тұлғалардың жолдаған өтініштерін қарауға олардың
орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген
жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды
ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға; қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге; қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылықты "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің б а с ш ы с ы н ы ң ө к і л е т т і л і г і :

- 1) бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігін белгілейді;
- 2) өз құзыреті шегінде бөлімді мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда б і л д і р е д і ;
- 3) бөлім актілеріне қол қояды;
- 4) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 5) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес бөлім қызметкерлерін марапаттайды және тәртіптік жазалау шараларын қолданады;
- 6) бөлім қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық жасаған әрбір фактісі бойынша дербес жауаптылықта болады;
- 7) өз құзыреті шегінде гендерлік теңдік стратегиясын іске асырады;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді ж ү з е г е а с ы р а д ы .

"Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі б о л у м ү м к і н .

"Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан

Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

22. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Шиелі аудандық қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.